

**Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің
Қоғамдық кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

№ 9

2025 жылғы 29 желтоқсан
сағ. 11:00

Төрағалық еткен: Туризм және спорт мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрағасы Е.Б. Қанағатов

Қатысқандар: Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Қоғамдық кеңесінің мүшелері (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес), Туризм және спорт министрлігінің қызметкерлері (тізім бойынша)

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасының ұлттық командаларының 2026 жылғы қысқы Олимпиада және Паралимпиада ойындарына дайындық барысы туралы

(Қанағатов, Есембаев, Верницкая)

1. Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары Н.А. Есембаевтың Қазақстан Республикасының ұлттық командаларының 2026 жылғы қысқы Олимпиада және Паралимпиада ойындарына дайындық барысы туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Туризм индустриясы комитетіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының ұлттық командасын қолдау мақсатында 2026 жылғы қысқы Олимпиада және Паралимпиада ойындарына қатысуға арналған туристік өнімді әзірлеу және ілгерілету мүмкіндігін пысықтау тапсырылсын.

2. Туристік инфрақұрылымның бірыңғай стандартын әзірлеу туралы

(Қанағатов, Қапашев, Верницкая, Шәміл, Иманқұлова)

1. Туризм индустриясы комитеті төрағасының орынбасары А.Б. Қапашевтың туристік инфрақұрылымның бірыңғай стандартын әзірлеу туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Туризм индустриясы комитеті:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарына ақпараттық сүйемелдеу көрсету мақсатында транзиттік әуежайларда үш тілді консультанттардың болуын қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыру.

2) 2025 жылы жүргізілген туристік аймақтарға тексерулердің нәтижелері туралы ақпарат ұсыну.

3. Қоғамдық кеңес мүшелеріне облыс аудандарындағы туристік аймақтарға қоғамдық мониторинг жүргізіп, оның қорытындылары бойынша анықталған

бұзушылықтарды жою жөнінде Туризм индустриясы комитетіне ұсынымдар енгізу тапсырылсын.

3. Қоғамдық кеңестің ұсынымдарын орындау туралы

(Қанағатов, Бейсембин)

1. Стратегиялық жоспарлау және жобалық басқару департаментінің директоры Ж.Д. Бейсембиннің ақпараты назарға алынсын.

4. Аккредиттелген спорт федерацияларының қызметін бағалау үшін КРІ жүйесі мен әдістемесін әзірлеу туралы

(Қанағатов, Есембаев, Баландин, Рыпакова, Верницкая)

1. Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары Н.А. Есембаевтың аккредиттелген спорт федерацияларының қызметін бағалау үшін КРІ жүйесі мен әдістемесін әзірлеу туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Спорт және дене шынықтыру істері комитеті:

1) аккредиттелген спорт федерацияларының қызметін бағалау бойынша КРІ әдістемесін қарау және ұсыныстар мен ескертулер енгізу үшін спорт федерацияларына жолдау;

2) спорт федерацияларына нормативтік-құқықтық мәртебе беру мәселесін пысықтау.

3. Қазақстан Республикасының ұлттық аккредиттелген спорт федерациялары қызметінің тиімділігін бағалауды Қоғамдық кеңестің құзыретіне енгізу мүмкіндігін қарастыру.

5. Әр түрлі

(Қанағатов, Бөкенов, Абаков)

1. Заң қызметі департаментіне Қоғамдық кеңестің қарауына жіберілетін нормативтік құқықтық актілердің тізбесін айқындау.


2. Қоғамдық кеңес мүшелеріне екі апта мерзімде Қоғамдық кеңестің хатшысына 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарына енгізу үшін өз ұсыныстарын ұсыну тапсырылсын.

**Қоғамдық кеңестің
төрағасы**



Е. Қанағатов

**Қоғамдық кеңестің
хатшысы**



Ж. Бейсембин